



**Бекітілген**  
Шымкент қ. ДСБ ШЖҚ «Қалалық  
диагностикалық орталық» МҚҚ  
Бақылау кеңесінің 2023 жылғы  
09 маусымдағы шешімімен  
№02 хаттама

Шымкент қ. ДСБ ШЖҚ «Қалалық  
диагностикалық орталық» МҚҚ  
Бақылау кеңесінің 2023 жылғы  
09 маусымдағы №02 шешіміне  
қосынша

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ**

**Шымкент 2023**

## **МАЗМҰНЫ**

1	Жалпы ережелер.....	3
2	Нормативтік сілтемелер.....	3
3	Терминдер мен анықтамалар.....	3-4
4	Саясат мақсаттары мен міндеттері.....	4-5
5	Қалалық диагностикалық орталық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет іс-қимылдың саласы	5
6	Қалалық диагностикалық орталық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі принциптері.....	5-6
7	Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттер.....	6
8	Сыйбайлас жемқорлықпен байланысты қауіп-қатерді бағалау.....	6
9	Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар.....	6-7
10	Ақпараттандыру.....	7
11	Қайырымдылық іс-шара мен демеушілік.....	7
12	Саяси іс-шараға қатысуы.....	7
13	Мемлекеттік қызметкерлермен арақатынас.....	8
14	Қалалық диагностикалық орталық қызметкерлерімен арақатынас.....	8
15	Жауаптық шаралар мен санкциялардан бас тарту.....	8
16	Осы саясатты орындағандығы (тиісті орындағандығы) үшін жауапкершілік .....	8

## **1. Жалпы ережелер**

Осы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат (бұдан әрі – «Саясат») Қазақстан Республикасы «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заны аясында, сыйбайлас жемқорлыққа жол бермеуге бағытталған Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ «Қалалық диагностикалық орталық» МҚК әкімшілігімен (бұдан әрі – Қалалық диагностикалық орталық), қолданылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормасын сақтайтын, түйінді қағидалары мен талаптарын айқындаитын, Қалалық диагностикалық орталықтың ішкі құжаты болып табылады.

## **2. Нормативтік сілтемелер**

Осы саясат келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995ж.;
- «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заны;
- Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Заны 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI;
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V;
- Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы - Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802;
- ISO 37001:2016 «Парақорлықпен күрес менеджменті жүйесі» Халықаралық стандарты.

Саясат «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Занының және денсаулық сақтау сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлеуі және қабылдауды бойынша Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің әдістемелік ұсынымдарының ережелеріне сәйкес әзірленді.

## **3. Терминдер мен анықтамалар**

Осы құжатта сәйкесінше анықтамаларымен қоса келесідей терминдер қолданылады:

**Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат** – сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, Қалалық диагностикалық орталықтың мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастыруышлық шаралар.

**Сыйбайлас жемқорлық** – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілдіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мұліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында зансыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

#### **4. Саясат мақсаттары мен міндеттері**

4.1 Саясат корпоративтік мәдениетті жетілдіру үшін жоғары этикалық стандарттарға сай ашық және әділ жүргізу, корпоративтік басқармасының үздік тәжірибелермен және тиісті деңгейде Қалалық диагностикалық орталықтың іскерлік беделін сақтау және оның басшылығының адалдығын көрсету.

4.2 Қалалық диагностикалық орталықтың барлық қызметкерлері осы Саясатты басшылыққа алуға және принциптер мен талаптарды мүлтіксіз сақтауга міндетті.

4.3 Қалалық диагностикалық орталықтың бас дәрігер осы Саясаттың қағидалары мен талаптарын жүзеге асыруына бағытталған бүкіл іс-шараларды ұйымдастыруға жауапты.

4.4 Қалалық диагностикалық орталықтың әкімшілігі алдына мақсат кояды:

- Қалалық диагностикалық орталық қызметкерлерінің атқаруындағы лауазымына, саласына қарамастан сыбайлас жемқорлыққа қатысу қауіпін азайту, болдырмау;

- сыбайлас жемқорлықтың барлық формалары мен көріністерінен бас тарту туралы Қалалық диагностикалық орталық қызметкерлеріне жалпы түсінік жасау;

- Қалалық диагностикалық орталық қызметкерлерінің қолданылуы мүмкін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасының негізгі талаптарын түсіндіру;

- Қалалық диагностикалық орталық қызметкерлеріне осы саясаттың қағидалары мен талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасымен қолданылатын негізгі нормаларды, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықты білу және сақтау жөніндегі міндетті орнату;

- Қалалық диагностикалық орталық үнемі талдау жүргізу арқылы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықты аяқтауға негіз болатын нәтижелер бойынша себептер мен шарттарды жою үшін шаралар қабылдайтын сыбайлас жемқорлық қауіпіне ішкі анализ жасайды.

- Саясат Қалалық диагностикалық орталық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге бағытталған нормативтік құжаты болып табылады.

- Саясат сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, Қалалық диагностикалық орталық қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар.

- Қалалық диагностикалық орталық сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне тарту тәуекелін азайту;
- атқаратын лауазымына карамастан, Қалалық диагностикалық орталық қызметкерлерінде сыйбайлас жемқорлықтың кез-келген нысандары мен көріністеріндегі қабылдамау туралы Қалалық диагностикалық орталық саясатының біркелкі түсінігін қалыптастыру;
- Қалалық диагностикалық орталық қолданатын Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының негізгі талаптарын қорыту және түсіндіру;
- Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Қалалық диагностикалық орталықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатты енгізудің мынадай міндеттері белгіленеді:
- Қалалық диагностикалық орталық әкімшілігі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі қағидаттарын айқындау;
- саясатты қолдану саласын және оның ықпалына түсетін адамдар тобынанықтау;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты Қалалық диагностикалық орталықта лауазымды тұлғаларын бекіту;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылатын тізбесін, стандарттар мен рәсімдерді және оларды орындау тәртібін белгілеу;
- Қалалық диагностикалық орталық қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сактамаганы үшін жауапкершілігін бекіту.

## **5. Қалалық диагностикалық орталық әкімшілігінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет іс-қимылдарының саласы**

Қалалық диагностикалық орталықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің іс-қимылдарының қолдану саласын белгілеу үшін жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің шекарасы мен қолданылуын, осы жүйенің мақсатына қол жеткізу қабілетіне әсер ететін сыртқы және ішкі факторларды анықтауға тиіс.

- шешім қабылдау бойынша көлемді, құрылым мен табысталған өкілеттік;
- жұмыс істейтін немесе жұмыс істеуді болжайтын сала мен орналасқан жері;
- қызметтің сипаты, ауқымы мен күрделілігі;
- іскерлік үлгі;
- іскерлік серіктестіктер;
- қолданыстағы заңнамалар, нормативтік актілер, келісім-шарттар және кәсіби міндеттемелер мен талаптар.

## **6. Қалалық диагностикалық орталық әкімшілігі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің негізгі принциптері**

Қалалық диагностикалық орталықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі мынадай қағидаттарға негізделеді:

6.1 Саясаттың қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестік принципі: іске асырылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және деңсаулық сақтау саласында қолданылатын өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі.

6.2 Қалалық диагностикалық орталық басшылығының жеке тұлғалық ұстанымы: Қалалық диагностикалық орталық басшылығы өзінің мінез-құлқымен үлгі болып, барлық деңгейдегі сыйбайлас жемқорлықтың кез-келген нысандары мен көріністеріне келіспейтін қатынастың этикалық стандартын қалыптастыруы тиис.

6.3 Қызметкерлерді сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларға тарту принципі: сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға, лауазымға қарамастан қызметкерлердің белсененді қатысуы.

6.4 Нөлдік толеранттылық принципі: сыйбайлас жемқорлықты кез-келген нысанда және көріністерде қабылдамау.

6.5 Тәуекелдерді кезеңдік бағалау принципі: Қалалық диагностикалық орталық тұтастай Қалалық диагностикалық орталық қызметіне және оның жекелеген бөлімшелеріне тән сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және бағалау мерзімді негізде жүзеге асырылады.

6.6 Ашықтық принципі: Қалалық диагностикалық орталық жүргізіп жатқан сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы жүртшылықты хабардар ету.

6.7 Жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы принципі:

- атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және еңбек міндеттерін орындауға байланысты сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда өзге де жағдайларға қарамастан, Қалалық диагностикалық орталық қызметкерлері үшін жазаның бұлтартпастығы;

- басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру жауапкершілігі.

## **7. Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттер**

Барлық қызметкерлер лауазымына және жұмыс өтіліне қарамастан, өз лауазымдық міндеттерін орындау, осы саясаттың ережелерін басшылыққа алу және оның принциптері мен талаптарын мүлтіксіз сақтау.

## **8. Сыйбайлас жемқорлықпен байланысты қауіп-қатерді бағалау**

- бағалау беруге және табылған жемқорлық қауіп-қатерді басымдылығына қарай қою;

- күтілетін жемқорлық қауіп-қатерді азайту үшін Қалалық диагностикалық орталық бұрыннан бар басқару құралдарының жарамдылығы мен нәтижелілігін анықтауға тиіс болатын жемқорлық қауіп-қатерді бағалауды жүзеге асыру.

## **9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар**

9.1 Осы саясатқа қосымша ретінде Қалалық диагностикалық орталық жыл сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары бекітіліп, оларды өткізу мерзімдері және жауапты орындаушы көрсетіледі.

9.2 Қызметкерлердің арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын енгізу мақсатында Қалалық диагностикалық орталық іскерлік қатынастар этикасын қозғайтын және қызметкерлердің этикалық, адал мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған қызметкерлер мінез-құлқының жалпы қағидалары мен принциптері белгіленеді.

9.3 Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат элементтерінің бірі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау болып табылады. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың мақсаты Қалалық диагностикалық орталық қызметкерлерінің жеке пайда алу мақсатында сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы неғұрлым жоғары болатын Қалалық диагностикалық орталық қызметіндегі нақты операцияларды айқындау болып табылады.

9.4 Қалалық диагностикалық орталық қызметкерлерді сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мынадай тақырыптар бойынша оқыту жүргізілуі тиіс:

- сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін зандық жауапкершілік;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнаманың талаптарымен және Қалалық диагностикалық орталықтың ішкі құжаттарымен және оларды Қалалық диагностикалық орталық қызметінде қолдану тәртібімен танысу;
- сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

9.5 Қалалық диагностикалық орталық жүзеге асыратын ішкі бақылау сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға және анықтауға ықпал етеді. Бұл ретте ішкі бақылау және аудит жүйесінің Қалалық диагностикалық орталық қызметінің нормативтік құқықтық актілердің және Қалалық диагностикалық орталық ішкі нормативтік актілерінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін іске асыру барынша мудделілік тудырады.

9.6 Әріптестермен өзара іс-қимыл жасау кезінде Қалалық диагностикалық орталыққа қабылданған қызметті жүргізуің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары туралы, оның ішінде шарттарға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау туралы белгілі бір ережелерді енгізу мүмкіндігі туралы хабарлайды. Қалалық диагностикалық орталық іскерлік қатынастарды адаптациялайтын, өз беделіне қамқорлық жасайтын, жоғары этикалық стандарттарға қолдау көрсететін, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өз шараларын іске асыратын, ұжымдық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бастамаларға қатысатын серіктестермен іскерлік қатынастарды орнатуға және сақтауға ұмтылады.

9.7 Қалалық диагностикалық орталық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру дәрежесі мен жетістіктері туралы, оның ішінде ғаламтор желісіндегі ресми сайтта, тиісті мәліметтерді орналастыру арқылы жүргізулықты хабардар етуді жүзеге асырады.

## 10 Ақпараттандыру

Қалалық диагностикалық орталық сыйбайлас жемқорлықтан бас тарту туралы ашық мәлімдейді, ақпараттандыру және оқыту жолмен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін көтеруіне ықпал етеді, қызметкерлерін осы саясаттың қағидалары мен талаптарын сақтағанын құптаиды және көтермелейді, осы саясатты еркін қол жеткізуге Қалалық диагностикалық орталық ғаламтор ресурсына орналастырады.

## 11. Қайырымдылық іс-шара мен демеушілік

Қалалық диагностикалық орталық нақты жобаларынан коммерциялық артықшылықтарды алу мақсатындағы қайырымдылық және демеушілік жобаларды қаржыландырмайды.

## 12. Саяси іс-шараға қатысуы

Қалалық диагностикалық орталық нақты жобаларынан коммерциялық артықшылықтарды алу мақсатындағы саяси партияларды, ұйымдарды және қозғалыстарды қаржыландырмайды.

### **13. Мемлекеттік қызметкерлермен арақатынас**

Қалалық диагностикалық орталық мемлекеттік қызметкерлер мен олардың жақын туыстарының (немесе олардың мүддесі үшін) Қалалық диагностикалық орталық жобаларынан коммерциялық артықшылықтарды алу мақсатындағы кез-келген шығыстарын, соның ішінде көлікке, өмір сұруғе, тамақтануға, ойын-сауыққа және т.б. кететін, немесе олардың өзге де жолмен Қалалық диагностикалық орталық есебінен алынған шығыстарын қаржыландырудан бас тартады.

### **14. Қалалық диагностикалық орталық қызметкерлерімен арақатынас**

14.1 Қалалық диагностикалық орталық сыйбайлас жемқорлыққа қатысты негізгі қағидалар, талаптар және санкциялар туралы қызметкерлерін хабардар етіп, олардан осы саясатты ұстануын талап етеді.

14.2 Қалалық диагностикалық орталық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің тиісті деңгейін қалыптастыру аясында қызметкерлер үшін күндізгі және/немесе қашықтық нысанда кезеңдік ақпараттық семинарлар, сонымен қатар Қалалық диагностикалық орталық барлық жаңа қызметкерлері үшін осы саясаттың ережесі және оған қатысты құжаттар бойынша кіріспе тренингтер өткізіледі.

14.3 Жоғары тұрган лауазымдарға үсінші кадр резервін қалыптастыру, сонымен қатар тәртіптік жаза қолдану кезінде осы саясаттың қағидалары мен талаптарын Қалалық диагностикалық орталық қызметкерлерімен сақталынған кездеғана есепке алынады.

### **15. Жауаптық шаралар мен санкциялардан бас тарту**

Қалалық диагностикалық орталық егерде қызметкер сыйбайлас жемқорлық болу фактісін хабарлаған немесе парапорлықты беруге не болмаса алудан, парапорлық кезінде делдал болудан бас тартқан жағдайда, бірде-бір қызметкер санкцияларға (сонымен қоса қызметінен босатуға, қызметін төмендетуге, сыйлықтан айыруға) ұшырамайтындығына кепіл береді.

### **16. Осы саясатты орындағандығы (тиісті орындағандығы) үшін жауапкершілік**

16.1 Қалалық диагностикалық орталық барлық құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, қызметкерлері атқаратын лауазымына қарамай осы саясаттың қағидалары мен талаптарын сақтау бойынша, сондай-ақ сол қағидалар мен талаптарды бұзған оларға бағынатын тұлғалардың әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін жеке жауапкершілік жүктеледі.

16.2 Қалалық диагностикалық орталық лауазымды тұлғалары, қызметкерлері және өзге де тұлғалары сыйбайлас жемқорлық қызметіне қатысқаны үшін санкцияларға ұшырауы мүмкін болғандықтан, әрқайсысынан ақылға қонымды, негізді күдік немесе сыйбайлас жемқорлық фактісі қолданыстағы заммен рұқсат етілген негізде қызметтік тергеулерге бастамашылық жасалады.

16.3 Қалалық диагностикалық орталық құқық қорғау органдары немесе өзге де тұлғалардың бастамасы бойынша қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасымен, нормативтік актілермен және еңбек шарттармен көзделген тәртіпте және негізде осы саясат талаптарын бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.